

отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға; белсенді шығармашылықпен ойлауға мүмкіндік алып, дамиды. Мақаламды «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін» деген ұлы ойшыл Конфуцийдің сөзімен аяқтағым келеді. Оқушының барлық құндылықтарды бойына сіңіріп, жеке тұлға болып қалыптасуы мұғалімнің жауапкершілігінде екені белгілі нәрсе.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қылышбаева К.Ә Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту- Блум таксономиясының ұтымдылығы. Астана-2012 [1, с.3], [2, с.11].

2. Мухамбетова Ф.Г. Инновациялық технология [2, с.15].

### ГЕТЕНІҢ «ФАУСТ» ТРАГЕДИЯСЫ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ГУМАНИСТІК ИДЕЯ

Сейсекенова А.Б.  
ф.ғ.к., доцент, Қазақ экономика,  
қаржы және халықаралық сауда университеті,  
Астана қ.

#### Аннотация

Бұл мақалада Шәкәрім және Гете поэзиясындағы ой, сөз, іс бірлігі идеясы қарастырылған. Сөз өнерін адамның биік мүмкіндіктеріне жол ашатын игілікті мұрат, ақыл-ой мәдениеті мен парасаттылыққа, ойды іске асыратын қасиетті құрал дәрежесіне көтеретін күш-қуат мәселелері жан-жақты сипатталған.

#### Аннотация

В данной статье рассматривается идея единства мысли, слова и дела в поэзии Шакарима и Гете. А также говорится о величии искусства художественного слова, которая способна вести человека к высоким возможностям, открыть путь к благим делам, культуре и нравственности.

#### Abstract

This article discusses the idea of the unity of thoughts, words and deeds in the poetry of Goethe and Shakarim. As well as the greatness of the art of artistic expression, which is able to lead a person to high opportunities, to open the way to good works, culture and morality.

**Түйінді сөздер:** сөз, ой, күш, іс, рух, материя, жан, кеңістік, қозғалыс, интуиивті метафора.

**Ключевые слова:** слова, мысль, сила, действие, дух, материя, душа, пространство, движения, интуитивная метафора.

**Keywords:** words, thought, power, action, spirit, matter, soul, space, movement, intuitive metaphor.

Шәкәрім Құдайбердіұлы адамның ең жоғарғы мәні, ақиқатқа жетудің бірден-бір алғы шарты адамның жан дүниесінің тазалануы яғни, «Шайтаннан басқа жауым жоқ», адамдағы ең қиын іс - өз зұлымдығын жену екендігін:

Мен бір - тілсіз көлікпін,

Басыма соқпа, дауың жоқ.

Тепкілеме, өлікпін

Шайтаннан басқа жауым жоқ [1, 89],-

деп түйіндейді. Өз шығармашылығындағы өзекті мәселе, ең күрделі сұрақтың бірі - адам өмірін қалай түзетуге болады деген сұраққа адал еңбек, білім үйренумен қатар «ар білімі» оқытылуы керектігін насихаттаған ақын: «Бұл ғылымды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...», - деп түсіндіреді [1, 542]. Неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің әлемге әйгілі кейіпкері

Фауст - бойында адамзат баласында бар барлық қасиеті тән, күрделі әрі әмбебап бейне. «Аспандағы пролог» Гетенің «Фауст» трагедиясының идеялық мазмұнын ашатын тұсы болғандықтан, ақынның алдыға қойған мақсаты да, негізгі тақырыбы да адам мәні екендігі бірінші бөлімнің басында-ақ көріне бастайды. Атақты гететанушы, орыстың әдебиет және театр зерттеушісі А.Аникст «Фауст» - Гетенің ұлы шығармасы» атты зерттеу еңбегінде бұл туралы: «Мефистофельдің Фаусты сынауы адам мәнінің биіктігін я болмаса бейшаралығын дәлелдеуге тиіс болды, осыған байланысты Фауст барлық адам баласы үшін жауапкер болып шығады», - деген пікір айтады [2, 17]. Осылайша, Гете шығармашылығын зерттеушілердің кейбіреуі Мефистофель бейнесін сайтанның адамды азғырушы сынағын білдіретін аллегориялық кейіпкер ретінде түсіндіргісі келсе, 1932 жылы Гетенің қайтыс болуына 100 жыл толуына байланысты Ленинградтағы ғылым академиясында жасаған «Гете және оның тарихи маңызы» атты баяндамасында академик Н.И.Бухарин: «Шын мағынасында Мефистофель бөлініп шығып, жоғарғы автономия алған, ішкі конфликттерде жиі болатын мәдениет тарихы мен тарихи мәдениетке қатысты қиын мәселелерде-«позицияны ұстайтын» Фаустың өзінің екінші жартысы», - деген анықтама жасайды [3, 252].

Гете өзінің ұлы трагедиясын Германияда XVI ғасырда дүниеге келген оқымысты ғалым, доктор Фауст жайлы халық аңызының негізінде жазған. Аңыз бойынша Фауст магиямен айналысып, аруақтармен тілдескен, сайтанмен келісімге келіп, ал сайтан өз кезегінде доктордың барлық тілегін орындап отырған. Соңында бірақ сайтан Фаустың ажалына да жеткен.

А.Аникст «Гетенің «Фаусты» атты еңбегінде Фаустың өмірде шын болғаны туралы деректер келтіреді [4, 73]. А.Аникст Фауст туралы аңыздардың орта ғасырда-ақ зерттеле бастағанын, Фауст туралы Иоганн Шпистің, Георг Рудольф Видманның, И.Н.Пфитцердің тағы да басқа белгісіз авторлардың еңбектері бар екенін атайды. Еуропада көптеген өнер иелері: Рембрант ол туралы гравюралар сомдаса, ағылшын драматургі Кристофер Марло Фауст туралы пьеса жазады. Неміс ақыны Лессингтің «Фауст» драмасы, Фридрих Мюллердің «Фауст өмірі» атты еңбегі, Клингердің «Фауст, оның өмірі, іс-әрекеттері және тозаққа жіберілуі» атты еңбектері жарық көрген. Зерттеушілер Фаустың философ, маг, астролог, алхимик, некромант, аэромант, пиромант, хиромант, балгер, сәуегей, дәрігер сол сияқты тағы да басқа толып жатқан қасиеттері барын келтіреді.

Фауст бейнесі өз заманының авантюралық кейіпкері ретінде де белгілі болған. Себебі, қайта өрлеу дәуірінің идеалдары Тәңір мен табиғатты біртұтастықта түсінген антика әлеміне қайта бет бұрған болатын. Қайта өрлеу дәуірінің гуманистері ғылымға ден қоя отырып, табиғатты танудың құдайылық көздерін де синтездеуге тырысқан. Алайда, XVI ғасырдағы Германияда реформацияланған протестанттық дінге табынушы қарапайым неміс халқы жүріс-тұрысы мөлшерден тыс күдік туғызатын, ажалын сайтаннан іздеген Фауст өмірін трагедиялық мағынада қабылдауы әбден түсінікті. «Фауст» трагедиясы арқылы Гетенің де ұлы тұлғасы, ғарыштық кеменгерлігінің мәні ашыла түседі. Гетенің ақындығымен қоса медицина, заң, философия, тіпті магия, каббалистика сынды мистикалық түрлі ілімдердің атауларымен ғана емес, мәнісімен де таныс болғанын өмірбаянынан оқып білуге болады.

Трагедияда Фауст тарихы өзінің ескі готикалық стильде салынған тар бөлмесінде отырып, заманының ешбір ілімдерінен қанағат таппаған, әлемнің ақиқатына жете алмай жалыққан, қасірет шегуші Фаустың монологынан басталады:

Уа, дүние-ай! Философия, заң ғылымын,  
Медицина, дін ілімін -  
Заманымның бар ғылымын  
Жаным салып меңгердім!  
Сонда-дағы мен, бірақ

Баяғы қалпым ақымақ!  
Ғұлама, ғалым атанып,  
Түкірігіме қақалып,  
Қолынан алып ентелеп,  
Шәкірттерді жетелеп,  
Он жыл бойы сенделдім.  
Сөзімді еш жан ұқпады,  
Ақыры түк те шықпады [5,19]!

Гетенің ұлы кейіпкері-Фауст неліктен былай сөйлейді? Гетенің шығармашылығындағы кейіпкерлердің мінез-құлқы, өмірі жайлы оқиғалардың барлығы оның өз өміріне түгелдей қатысы болмаса да, ақынның өмірбаяндық деректерін зерделей бастасақ, ұқсастық жағы жетіп асатынын байқау қиын емес. Мысалы, Гете аса тынымсыз өмір кешіп, өзіне жауығушыларға қарсы тек үздіксіз еңбекпен жауап беріп отырған. Ақындық нәзік жан-дүниесінен сана-сезіміне қиындық туғызған көңілсіз жайттарды осылай қуып бағуға тырысқан. Сыртқы әлемнен тыныштық табуға көмектескен сүйікті істері заң ғылымдары мен өсімдіктер морфологиясы, түстер жайлы ілімі, тағы басқалар. Пайдалы іспен шұғылдану-Гете үшін «өзін-өзі жоғалтып алмау» үшін де қажет болған. Қартайған шағында сенімді достарының бірі Цельтерге 1806 жылы 26 наурызда жазған хатында таныстық пен кездесулерден өмірінде аздық көрмесе де жалғыздық оның әр уақыттағы көңіл-күйі екенін жасыра алмайды [6, 472]. Өзін-өзі үнемі азапқа айдап салған ізденімпаздық бір қауіптен екінші қауіпке бастап, тағдырдан қуғын көрген данышпан жүректі селқостық дертіне шалдықтырғанға ұқсайды. Неліктен Гетенің Вертері өз-өзіне қол салады немесе жер ортасына келген Фауст неге у ішіп өлмекші болады? Сірә, мұндағы бар сырды ақынның өз тірлігіндегі улы дерттерінің «бетін қайтарып отыратын қайырымды» кейіпкерлері ашып беріп отыратын сияқты.

Фаустың атақты монологында айтылғандай, қазақ ғұламасы Шәкәрім өмірі де түгелдей рухани іздініспен өткен еді. Ақынның өзі «Иманым» өлеңінде:

Философ сөзін оқыдым,  
Талайын ойға тоқыдым.  
Кітабын да көргемін  
Әулие мен сопының [1, 236],-  
десе, «Қырық жылдан өтіп жасым» деп басталатын өлеңінде:

Қырық жылдан өтіп жасым,  
Ақылым болды сырласым.  
Отыз жылдық замандасым,  
Иманым - басшы жолдасым.  
Оқи алмай ғылым тілін,  
Тұман болып жарық күнім,  
Қасықпен аршыдым жылым,  
Не көрмеді ғарып басым.  
Әлемді оймен кездім,  
Перевод малтасын ездім.  
Жарымның сәулесін сездім,  
Моланың ақтарып тасын,-

деп ғылым жолындағы тыныштықсыз өмірін жазады [1, 256]. Мұнда да мәңгілікке қызмет етуші ақын мұңы Фауст мұңынан кем емес. Мұңның аты - жалғыздық. «Мұңды шал» өлеңінде ақын өз-өзіне:

Жолдастарың жазықсыз «байкот» беріп,  
Кетті ғой бір қарамай артына да.  
Дінің шатақ, әдетің арсыздық деп,

Жақпадың молдалар мен халқыңа да.  
Ендігі жас ескі иісің шығады деп,  
Олар да келмей отыр қартыңа да [1, 138]!,-  
деп күйінеді.

Шәкәрім өмірі мен шығармашылығы туралы естелік жазған С.Қасиманұлы өз өмірінде Шәкәріммен үш рет кездесіп, әңгіме, кеңесін тыңдағанын айтады. Бірінші кездесуінде Шәкәрім бабамыз өзінің жалғыздығы туралы айтып, оның мағынасын түсіндіреді: «Шәкәрім қажы емес, дінсіз азғырушы деп жалғыздады молдалар. Мен болыс пен билердің елде көп ережелеріне қарсымын, олар да мені жек көрді. Алашорда қызметке шақырды, «уез бол, болмаса дін басқар», - деді. Мен бармадым, олар да жақтырмады, «қажысың» деп совет өкіметі де мені жек көрді. Ең аяғы ғылым мен философияда да мен жалғызбын» [7]. Осылайша, ақын өз елінде түсініксіз күй кешеді. Ағартушылық жолда өз күш-қайратын іске асыруға надан елден мүмкіндік ала алмай, көп күні қынжылыспен өтеді. Әсіресе ақын Гете сынды жаратылыстану ғылымдарына көбірек деп қойып, адам табиғатының сырына тереңірек үңіледі. Зұлымдықтың себебін іздейді. Оның шығармашылығының негізгі сұрағы нәпсіге байланысты болуы да сондықтан.

Ақын өлеңдерінде нәпсі о бастан-ақ адам өмірімен табиғи тығыз байланыста қарастырылған. Сонымен бірге, нәпсі-табиғи қажеттілік, тәндік мұқтаждық. Мысалы, «Анадан алғаш туғанымда» деп басталатын өлеңінде:

«Мұқтаждық өмір жолы бұл» - деп

Мұнайтып ақыл жылатқан.

«Жас өмір қызық, оны біл» - деп

Алдамшы өмір уатқан.

Тамақ пен киім ат керек деп,

Өмірім кетті қиындап.

Құмарлық мақтан қуып ем кеп,

Көбейді мұқтаж жиындап [1, 188],-

деп бұл өлеңінде жаратылыстың заңынан азат адам табу мүмкін еместігін күйіне жырласа, Гетенің Мефистофелі:

Табиғат, табиғат қой! Сөздің расы:

Біз оны жаратыстық, біздер басы.

Зұлымдық, зорлық-қорлық, тәртіпсіздік

Дәлелдің қажеті жоқ, бәрі біздік [5, 165],-

деп нәпсінің сырына үңілтпекші болады.

Шәкәрім нәпсіні жаратылыс заңына бағынады дей отырып, оны анықтауда тән, жан, ақыл - үш субстанция негізгі рөл атқаратынына тоқталады. Нәпсі өз күшіне еніп, дегеніне жететін классикалық жағдайы былай сипатталады:

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,

Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.

Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен

Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр [1, 155].

Алдымен тән мен жан екеуі бір өмір сүреді, алайда, тәнге қарағанда, жан алғашқы:

Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас [1, 139]

немесе:

Жан-қожа, тән дегенің - жанның құлы,

Нәпсі неге білмеген бұрын мұны [1, 139]?

Жан мен тәннің бір-бірінсіз өмірі жоқ. Өйткені, жан тәнді жарата тұрып, оны өзінің тұрағы етеді. Сондықтан:

Жан тыныштық таппайды, тән қамын жеп,

Тән бұзылса тұрағым бұзылар деп,  
Ыстық, суық аштықтан сақтау үшін  
Зұлымдық пен айланы қылады сеп [1, 155].

Сонымен, Шәкәрім нәпсінің жанның орнына тәннің қожалық етуінен туындайтынын, бұл екеуі мәңгі арпалыста өмір сүрмей, бәрін ақыл билегенде ғана адамның өз қалпында сақталуы мүмкін деп жауап береді:

Олай қылмай билесе бәрін ақыл,  
Еш қиянат қылмаса зорлық, тақыл.  
Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса,  
Адамды сонда адам десек мақұл [1, 156].

Нәпсінің жойқын күштілігі соншалық, ол өзінің сайтандық әрекеті арқылы ақылды да билеп кетеді.

Ақын «Пайғамбар Мұса жолықса» өлеңінде адам зұлымдық істерге дененің сұраныстары жеңгенінен баратынын, ғалымды залым қылатын да осы затшылдыққа көз байлау екенін ескертеді:

Денеге жанды жеңгізіп,  
Таба алмай қойды иесін.  
Затшылдық көзін байлады,  
Адастырып айдады.  
Жан билемей, тән билеп,  
Ақылдың соры қайнады [8, 113].

Сайтанның тәнге, материяға байланысты айтылатынын Гете «Поэзия және шындықта»: «... Осы Люцифер жаратқан барлық тұтастықтан «біз материя деп түсінетін ауыр, қатты, қараңғы атаулының бәрі пайда болды», - деп жазған болатын [6, 357].

Яғни, нәпсіні ауыздықтап, тәнге жан қожа болуы үшін ақылдың таза болуы шарт. Ақыл жанда о баста «априорлы» өмір сүретіні туралы «Үш анықта» былай айтылады: «Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт - сезімді жан, сознание- аңғарлық жан, мысль - ойлайтын жан, ум - ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады» [9, 29]. Шәкәрім өз шығармашылығында таза ақыл дегенді жиі айтады. Ол суфизмдегідей бәрін жүрекке бағындырып қоймайды. Таза ақыл, ақ жүрек, адал еңбек үшеуі үнемі бірлікте айтылады:

Болам десең адам,  
Адал еңбек берер бақ,  
Бассаң соған қадам.  
Айнымайтын ақ жүрек пен  
Таза ақылды адамның  
Таппасы жоқ бұл өмірде,  
Осынымды ұқ, балам [1, 270]!

Адам үшін соңғы аялдама - өз еркінді ғаламдық құдайылық ерікпен астастыру, сондықтан ешқайда адастырмай мақсатқа тура апарады. Бұл - ұлы құрбандықтың жолы:

Таза жолдан  
Таймай барғаның, -  
Жетпесе де алғаның [1, 216].

Өмірде кездейсоқтық болмайтынын, бәрін жоғарыдан келген символ ретінде қабылдау Гетенің ой жүйесінде «Батыс-Шығыс диуанын» дүниеге әкелуден бастап мықтап орнайды. Өз еркін ақын құдай еркіне сеніп тапсыру, аяндап сезіліп тұратын әрбір сәт, әрбір кезенді ешбір қайғы-қапасыз қабылдауы тиістігін ол досы Цельтерге жазған хатында айтады: «Құдайдың еркіне бүтіндей мойынсыну, спиральды айналып келіп отыратын жер бетіндегі өзгермелі абыр - сабыр тірлікке қайғысыз көзқарас,

махаббат, екі әлемнің арасында тұрақтай алмай бір-біріне тартылу құдыреті, барлық шындық жарқырап символмен берілген. Енді, саған қартым, тағы не керек?» [6, 535]

Адам ойының да қарама-қайшылығы «Фауст» трагедиясы мен Шәкәрім өлеңдерінің негізгі желісі болып, адам ойының періштесі мен сайтаны үнемі арпалыста екенін беруге арналған. Алайда, фәни өмірдің қажеттіліктерге толы күрделі табиғаты адамды өз істеген істері үшін жауапкершіліктен босатпайды. Қарама-қайшылық мәңгі жалғаса беруі мүмкін емес. Шәкәрім өз өлеңінде:

Әлемді мен билейін,  
Зұлымдықты сүймейін.  
Залымды ұндай илейін,  
Нәпсі болсын маған құл, -

деп [1, 250] қорытқаны сияқты, соңында «Фауст» трагедиясындағы кейіпкердің драмалық конфликті де жоғары деңгейде шешіледі. Сөйтіп, екі ақын шығармаларындағы ғалам тек рухтың үйлесімінде ғана өмір сүру қабілетін жалғастыра алады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А.Құдайбердиев). –Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
2. Аникст А. “Фауст” - великое творение Гете. -М.: Знание, 1982. –64 с.
3. Холодковский Н. Вольфганг Гете. Его жизнь и литературная деятельность. -С.-Петербург: 1891.-94 с.
4. Аникст А. “Фауст” Гете. Лит.коммент. -М.: Просвещение, 1979. –240 с.
5. Гете И.В. Фауст. Неміс тілінен аударған М.Құрманов. –Алматы: Жазушы, 1982. – 200 б.
6. Конради К.О. Гете. Жизнь и творчество. -Т.2 Итог жизни. -М.: Радуга, 1987. –648 с.
7. Қасиманұлы С. Ғылым мен философияда да жалғызбын// Қазақ әдебиеті, 2000. 30 мамыр.-10а.
8. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. –256 б.
9. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. –Алматы: Қазақстан және Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы, 1991. –80 б.

### ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНА «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ» ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сейткасымова Куралай  
Бекбулатова Рауза Фазылхановна  
Агитаева Асемгуль Каиржановна  
Оспанова Мәншүк Хасенханқызы  
№2 мектеп-лицей мұғалімдері  
Қостанай қ.

#### Аннотация

*Мақалада жастарды осы заманның оқу біліміне жетілдіріп, сол білімді көңіліне тоқыту және білім арқылы Отанға, туган елге, халыққа деген сенімдерін нығайту туралы, яғни «жаңа қазақстандық патриотизмнің» мәні туралы жазылған.*

*Мақаланың мақсаты – қазақстандық патриотизм қоғамның бірігуі үшін, халықтың бірлігі мен мемлекеттің тұтастығы үшін ең басты фактор екенін түсіндіру.*

#### Аннотация

*В статье говорится о сущности «нового казахстанского патриотизма», направленного на улучшение знаний молодого поколения, укрепление их доверия к Родине и народу посредством современного образования.*

*Цель статьи – раскрыть идею формирования казахстанского патриотизма через изучение национальных ценностей и традиций казахского народа*